

Алкогольді өнім (сырадан басқа) өндірудің көлемін автоматтандырылған есептеу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың Айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті 1998 жылғы 24 қараша N 52 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 5 мамырда N 753 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі N 138 Бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2009.04.01. N 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Спирт өндірісін спирт өлшеуші аппараттармен және алкогольді өнімдерді шығару жөніндегі технологиялық желілерді өндірістің (сырадан басқа) көлемін есептеу аспаптарымен міндетті түрде жарақтандыру туралы" 1998 жылғы 16 маусымдағы N 544 Р980544_қаулысын орындау үшін Бұйырамын:

1. Алкогольді өнім (сырадан басқа) өндірудің көлемін автоматтандырылған есептеу жөніндегі қоса беріліп отырған Нұсқаулық бекітілсін. 2. Осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өтілуін нормативтік реттеу бөлімі (А.Лепесбаев) қамтамасыз етсін. 3. Бақылау және лицензиялау басқармасы (Р.Алдашев) осы бұйрықты аумақтық органдарға жеткізсін. 4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Төраға орынбасары М.Тұрмағамбетовке жүктелсін. 5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді. Төраға Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті Келісімін Қазақстан Республикасы 30 наурыз 1999 ж . Мемлекеттік кіріс министрлігінің _____ алкоголь өнімін өндіру және оның Қазақстан Республикасы айналымын мемлекеттік бақылау Мемлекеттік кіріс министрі жөніндегі комитетінің төрағасы Какимжанов З.Х М.Ә. Құдайбергеновтың _____ 1998 жылғы 24 қараша N 52 бұйрығы бекітілген Алкогольді өнім (сырадан басқа) өндірудің көлемін автоматтандырылған есептеу жөніндегі Нұсқаулық 1 бөлім. Жалпы ережелер 1-тарау. Алкогольді өнімді (сырадан басқа) өндіру кезінде оны автоматты есептеудің мақсаты мен арналуы

1. Алкогольді өнімді (сырадан басқа) өндіру кезінде оны автоматты есептеудің Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Спирт өндірісін спирт өлшеуші

аппараттармен және алкогольді өнімдерді шығару жөніндегі технологиялық желілерді өндірістің (сырадан басқа) көлемін есептеу аспаптарымен міндетті түрде жарақтандыру туралы" 1998 жылғы 16 маусымдағы N 544 қаулысын орындау үшін енгізіледі.

2. Алкогольді өнімді автоматтандырылған есептеу көлемдік жұмсалуды мен құю автоматынан шығардағы көлемі оның өлшеу құралдарын және приборларды пайдалану арқылы шөлмекке құйылған өнімді даналап есептеу приборларын пайдалану жолымен іске асырылып, сонан соң беру құралдары арқылы (әрі қарай-есептеу жүйесі) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетке (әрі қарай - комитет) ақпарат жібереді.

3. 1999 жылғы 1 қаңтарынан бастан пломбыланбаған есептеудің бақылау приборларымен құю линиясын жарақтаусыз алкогольді өнімді өндіруге және есептеу жөнінде құжаттама жүргізуге тыйым салынады.

2-тарау. Есептеу құралдарының көрсеткіштері мен бастапқы (негізгі) есептеу жүйесінің арасындағы айырмашылықты есептеу әдісі

4. Бұл әдіс әртүрлі тәсілдермен немесе құралдармен алынған осы екі өлшеу нәтижелерінің арасындағы айырмашылықты есептеу формуласына негізделген. Бұл ретте осы нұсқаулық мынадай ережелерді белгілейді:

уақыттың есепті аралығында құюға келіп түскен алкогольді өнім көлемінің іс жүзіндегі мәні үшін сұйықты есептегішпен өлшенген (V_{np}) оның көлемі қабылданады; салыстырмалы шама үшін қоймаға (дайын өнімдер цехына) берілген негізгі есеп деректері бойынша, мысалы, жетондық (V_n) дайын өнімнің саны қабылданады. алкогольді өнімнің шөлмекке құйылған іс жүзіндегі саны даналап есептеу приборларының (шөлмектерді есептегіштің) көрсеткіштері бойынша айқындалады, ал негізгі есептеу тәсілінің деректері бойынша қоймаға берілген дайын өнімнің саны салыстырмалы шама болып табылады (V_n). 5. Бақылау приборларының көрсеткіштері мен негізгі есеп деректерінің арасындағы айырмашылықтардың сандық мәнін (салыстырылып отырған өнімнің оның іс жүзіндегі санынан ауытқушылығы) мынадай формулалар бойынша есептеуге болады: 1) Құю автоматына келіп түскен өнім үшін $|> = V_n - V_{np}$ және $бр = 100 \times |>_{p/V_{np}}$ (1-формула) мұндағы $|>$ - абсолютті айырмашылық, декалитр (бұдан әрі - дал): V_{np} - прибор бойынша көлемі, дал: V_n - негізгі есеп бойынша көлемі дал: бр - салыстырмалы ауытқу, % 2) Шөлмекке құйылған өнім үшін: $|>б = V_n - Vб$ және $бб = 100 \times |>б/Vб$ (2-формула) мұндағы $|>б$ - абсолютті айырмашылық, дана (дал): V_n - негізгі есеп бойынша саны, дана (дал): $Vб$ - прибор бойынша саны, дана (дал): бб - салыстырмалы ауытқу, %

6. Абсолютті және салыстырмалы ауытқулардың сандық мәндері әрбір жұмыс ауысымы аяқталуы бойынша, ал сондай-ақ өнімнің есебінің ақиқаттығын тексеруге байланысты басқа жағдайларда есептеледі.

3-тарау. Алкогольді өнімді есептеу жүйесін ұйымдастыру мен жүзеге асыруға қойылатын талаптар

7. Алкогольді өнімді есептеуді жүзеге асыру мақсатында барлық ұйымдарда мынадай шаралар жүргізу ұсынылады.

1) ұйым басшысының бұйрығымен алкогольді өнімді есептеу жүйесінің техникалық жай-күйіне және есептеу құжаттарының ресімделуіне бақылау жасау үшін жауапты адамдарды белгілеу;

2) алкогольді өнімді есептеуді іске асыруға байланысты адамдарды оқыту жүйесін қалыптастыру;

3) есептеу жүйесін ұйымдастыру мен жүзеге асыруға байланысты барлық қызметкердің лауазымдық нұсқаулықтары өз құзыреттерінің шегінде жауапкершілігін көздейтін тармақпен толықтырылсын;

4) осы Нұсқаулықтың негізінде әрбір ұйымда есептеу жүйесін пайдалану мен тиісті құжаттама жүргізу жөніндегі жұмыс нұсқаулықтары әзірленуі тиіс;

5) спирттің немесе алкогольді өнімнің жалпы шекті-жол берілетін шығын болу нормасынан оны өндіру кезінде тікелей құю желісінде шығын болуын регламенттейтін бөлігі жеке көрсетілуі тиіс; 6) есептеу жүйесі тәулік бойы 220 вольтты электржүйесімен қамтамасыз етілуі тиіс. 7) есептеу жүйесінің торабынан және құю желісінен электрорау дәйекті болуы тиіс, яғни электр жүйесінде болатын кемшіліктерді (жоғары, төмен ток) бірқалыпты ұстауды ұйымдастыру керек. 8) есептеуді телефондық модем жүйесіне қосу үшін жеке абонементтің номері болу. 2 бөлім. Алкогольді өнімді есептеу жүйесінің құралдары 4. тарау. Есептеу жүйелерінің үлгілері.

8. Алкогольді өнімді есептеу үшін құю келіп түскен оның көлеміне үздіксіз өлшеу, шөлмекке құйылған өнімге даналап есептеу, сондай ақ қажетті есеп ақпаратын арақашықтықтан беруді, өңдеуді, сақтау мен ұсынуды (индикациялауды) жүргізетін арнаулы приборлар пайдаланылады.

9. Өндірістік сынақтардың сипаттары мен нәтижелеріне талдау жасаудың негізінде алкогольді өнімді есептеу үшін мынадай приборларды пайдалану ұсынылады:

1) Қысымдық резервуар мен құю автоматын жалғастыратын труба құбыры ағынындағы көлемдік шығын мен көлемді өлшеу мен тіркеу үшін (шампан және газдандырылған басқа да сусындар үшін қолданылмайды):

электрмагнитті үлгідегі PROCN (СТРАТЕК фирмасы, Германия), MAGFLO (

ДАНФОС фирмасы, Дания, "ДАСУ" АҚ-ы Алматы қаласы, бас мердігер болады) шығын өлшеуіштері,

2) Шөлмекке құйылған өнімді даналап есептеу үшін:

СТРАТЕК фирмасының (Германия) ақпаратты ара-қашықтықтан беретін фото-электрондық есептегіші, дайын өнімді ИК-беруші және ақпаратты өңдеу блогі БОИ-М2, "ДАСУ" (Алматы қ.) АҚ-ы өндірісі.

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тізілімінің өлшеу құралдарының тізбесіне енгізілген және комитетпен келісілген басқа да приборлар қолданылады.

10. Сұйықты есептегіш пен оның жетілдірілген түрлерін таңдау кезінде, бірінші кезекте оның өту жолының диаметріне, құю желісінің өнімділігі мен гидростаттық қысымды айқындайтын құю автоматына қатысты қысым резервуарының орналасу биіктігіне сәйкестігін сақтау қажет, сонымен бірге комитетке ақпаратты беруі мүмкін.

11. Нақты прибордың техникалық сипаттамалары туралы толық ақпарат оның пайдаланылуы жөніндегі нұсқаулықта (басшылықта) жазылған.

12. Сұйықты есептегіштің салыстырмалы ақаулығының шегі $+0,5\%$ аспауы тиіс, ал шөлмекке құйылған өнімді есептегіштің шекті ақаулығы әрбір есептелген 10000 шөлмек үшін 10 шөлмектен аспауы ($0,1\%$) аспауы тиіс.

5-тарау. Монтаждаудың пайдаланудың, техникалық және метрологиялық қызмет көрсетудің тәртібі

13. Алкогольді өнімнің көлемін бақылайтын прибордың бастапқы жаңғыртушысы өлшеу кезінде барлық уақытта барлық қиылыстары бойынша толып тұратын труба құбырының көлденең учаскесінде құю автоматына барынша жақын орнатылуы тиіс. Осы прибордың фланеці мен құю автоматының жалғастырушы фланецінің арасында труба құбырының аралық фланецтеріне және басқа да өлшемдерге жол берілмейді.

14. Қысымдық резервуарды жаңғыртушымен жалғастырушы труба құбырының шартты өту жолының, тиек арматурасының, сүзгілер мен осы труба құбырына орналасқан басқа да құрылғылардың диаметрлері бақылау приборын құю автоматымен жалғастырушы труба құбыры учаскесінің ең кіші диаметрінен үлкен болуы тиіс. Бүкіл труба құбыры стационарлық болуы тиіс шлангі сияқты басқа да жұмсақ коммуникацияны пайдалануға болмайды.

15. Желіні қоректендіретін ең төменгі гидростаттық қысым бастапқы жаңғыртушыға қарағанда $0,5$ метрді құрауы тиіс.

16. Қысымдық резервуарды ағындық есептегішпен жалғастыратын труба құбырының учаскесінде ауа шығаратын торап болуы мүмкін.

17. Даналап есептеу приборларының біреуі автоматты түрде өнім құйылып, шөлмектердің аузын жапқаннан кейін тікелей өнімге есептеу жүргізетіндей етіліп, (N 1 есептегіш), басқасы - дайын өнімнің қоймасының алдында (N 2 есептегіш) орнатылуы тиіс.

18. Мемлекеттік тексеруге жататын жұмыс өлшеу құралдарының номенклатуралық тізбесіне сәйкес приборлар екі жылда кемінде бір рет тексеруге жатады.

19. Тексеруден өткен алкогольді өнімді есептеу жүйелері осы Нұсқаулықта көзделген тәртіппен (1-қосымша) монтаждауға әзірленуі, монтаждалуы және пайдалануға енгізілуі тиіс.

20. Приборларды орнатқан соң бірінші жұмыс ауысымының есептеу нәтижелері талдануы және оны Комитеттің немесе комитеттің тапсырмасымен - "ҚазАлкоОрталық" РМК мамандарының және осы приборларды пайдаланушы ұйымның өкілдерінен тұратын комиссия ресімдеуі тиіс.

21. Осы Нұсқаулықтың талаптарына қосымша орнатылған приборды пайдалану жөніндегі нұсқаулықты басшылыққа алу қажет, ол монтаждаудың, пайдаланудың, техникалық қызмет көрсетудің, тексеру мен жөндеудің тәртібін айқындайды.

3 бөлім. Алкогольді өнімді автоматтандырылған есептеудің нәтижелерін ресімдеу мен пайдалану

6 тарау. Автоматты есептеу құралдарының көрсеткіштерін тіркеу.

22. Әрбір жұмыс ауысымы аяқталған соң құю цехының (учаскесінің) жауапты қызметкерлері арнаулы журналға есептеу жүйесінің көрсеткіштері жөнінде жазба жүргізеді. Бұл журналдың нысандары осы Нұсқаулыққа 2-қосымшада ұсынылған. Әрбір журнал пайдаланылуы алдында нөмірленуі, тігілуі және ұйымның мөрі басылуы және ұйым басшысының қолы қойылуы тиіс.

7-тарау. Құю цехында алкогольді өнімді бастапқы есептеудің ақиқаттығына баға беру

23. Құю цехындағы өнімді бастапқы есептеудің ақиқаттығы, сондай-ақ есептеу жүйелерінің дұрыс жұмыс істейтіндігі көлемді өлшеу мен өндірілген алкогольді өнімді есептеудің осы екі тәсілінің деректерін салыстыру жолымен бағаланады. Бұл ретте бұрын көрсетілген сандық көрсеткіштерден басқа құю желісінен түзетілуге болатын және түзетуге болмайтын жарамсыз түрінде қайтарылған өнімнің және қысымдық резервуарды, труба құбырын және құю автоматын (атап айтқанда, бұйымның бір түрінен екіншісіне көшуі кезінде)

шаюға кеткен судың көлемі бойынша, сондай-ақ өнімнің оны құюда бекітілген шығындалу нормаларының шектеріндегі өндірістік-технологиялық шығындалу саны туралы расталған деректер болуы тиіс.

24. Есеп деректерін салыстырмалы талдаудың есептеу операциясы есептеудің негізгі (бастапқы) және бақылаулық тәсілі нәтижелерінің арасындағы айырмашылықтардың сандық мәнін айқындаудан тұрады. Бұл ретте формулалардың (1) және (2) неғұрлым жалпы түрлері пайдаланылады:

1) Құю автоматына келіп түскен өнім үшін:

$$|>p = (V_n + V_{бр} + V_{бр} + V_{впр}) - V_p \text{ және } бр = 100 \times |>/V_p \text{ (3-формула)}$$

мұндағы V_n - өнімнің негізгі есеп бойынша көлемі, дал;

$V_{впр}$ - шайма судың көлемі, дал;

V_p - есептелген шығын өлшегіштің көрсеткіштері, дал;

$V_{бр}$ және $V_{бр}$ - тиісінше түзеуге болатын және түзеуге болмайтын жарамсыз өнімнің көлемі, дал;

2) Шөлмекке құйылған өнім үшін:

$$|>b = (V_n + V_{бр} + V_{бр}) - V_b \text{ және } бб = 100 \times |>b/V_b \text{ (4-формула)}$$

мұндағы V_b - даналап есептеу приборы ескеретін өнімнің көлемі, дал.

25. Есептің ақиқаттығын бағалаудың түпкілікті операциясы айырмашылықтың тиісті шамасын прибордың шекті салыстырмалы ақаулығының және құю желісінде спирттің (ликер-арақ бұйымдары мен коньяк үшін) немесе шарап өнімінің шекті-жол берілетін шығын болу нормаларының жиынтығын тікелей салыстыру болып табылады. Бұл ретте есеп нәтижелері өнімнің көлемі бойынша салыстырмалы ауытқушылық (бр және бб) жоғарыда көрсетілген жиынтықтан аспаған, яғни бр $V_p + N$, ал бб $V? + N$ ал жағдайда ақиқат деп танылады (мұндағы $(V? V_b)$ - есептегіш-шығын өлшеуіштің және даналап есептеу приборының тиісінше проценттердің шекті салыстырмалы ақаулықтары; N - шығынның шекті-жол берілетін нормасы, проценттерде).

26. 3 және 4-інші формулалар бойынша алынған есептің нәтижелері 2-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша журналға енгізіледі.

27. Шайма су есептегіштің бастапқы жаңғыртушысы арқылы өтпеген немесе жарамсыздық көлеміне кірген жағдайда $V_b V_{пр}$ көлемі болмайды.

28. Есептің ақиқаттығын бағалаудың алынған нәтижелері де көрсетілген журналдың (2-қосымша) тиісті бағандарына жазылады. Бұл ретте "Есептің ақиқаттығы" деген бағанға "Ақиқат" немесе "Ақиқат емес" емес деген жазбалардың бірін жасау керек. Ескертпеде бақылаулық есеп деректерінің болмау себептерін, құю автоматына шаю жүргізілгендігін көрсету, есептің ақиқаттығына кезектен тыс (бақылаулық) бағалау жүргізілгендігін және өнімнің бақылаулық есебіне қатысты басқа да ақпаратты атау керек. Есептердің мысалдары 3-қосымшада көрсетілген.

8-тарау. Құю цехындағы лауазымды адамдардың бақылау деректері мен бастапқы есептің арасында шектіден жоғары айырмашылықтар немесе есептеу жүйесінің ақаулығы анықталған жағдайлардағы іс-әрекеті

29. Есептеу жүйелерінің деректері мен бастапқы есепті талдау олардың нәтижелерінің арасында шектіден жоғары айырмашылықтарды анықтаған жағдайларда құю цехының лауазымды (жауапты) адамдары мыналарды о р ы н д а у ғ а м і н д е т т і :

1) алкогольді өнім есебі деректері айырмашылықтарының себебіне өндірістік-технологиялық тексеру жүргізу;

2) есептің бұзылу фактісі мен себептері туралы акт ресімдеу;

3) ұйымның басшысына өнім есебінің негізгі және бақылаулық деректерінің арасындағы шектіден жоғары алшақтық фактісі және өндірістік-технологиялық тексерудің нәтижелері туралы жазбаша нысанда хабарлау.

30. Алкоголь өнімі есептеу жүйелерінің ақаулығы анықталған жағдайларда құю цехының (учаскесінің) басшысы өнімді құю желісін дереу тоқтатуға, бұл туралы ұйымның басшысына хабарлауға, бақылау приборының жұмыс істемеуі фактісі бойынша ұйымның техникалық қызметші маманын тарта отырып техникалық қарау актісін жасауға міндетті.

9-тарау. Ұйымдар басшыларының алкогольді өнімді есептеу жүйелерімен қамтамасыз етуі мен жүзеге асыруы жөніндегі міндеттері

31. Алкогольді өнім өндіретін ұйымдардың басшылары:

1) алкогольді өнімді есептеу жүйелерін сатып алуды, монтаждауды және пайдалануға қосуды қамтамасыз етуге;

2) есептеу жүйелерінің техникалық жай-күйін бақылау және алкоголь өнімін бақылаулық есебі құжаттамасын ресімдеу үшін жауаптыларды тағайындауға;

3) қызметкерлердің алкогольді өнімге автоматтандырылған есеп жүргізудің белгіленген тәртібін зерделеуін және жүзеге асыруын ұйымдастыруға;

4) Комитетке есеп көрсеткіштерінің шектіден жоғары айырмашылығының әрбір фактісі, есептеу жүйелерінің ақаулығы, өздерінің жұмысына рұқсат етілмеген араласу туралы, бұл ретте өнімді құюды тоқтата отырып, дереу х а б а р л а у ғ а ;

5) комитет қызметкерлерінің қойылған пломбыны алғаннан кейін алкогольді өнімді есептеу жүйесін уақтылы жөндеуді және тексеруді қамтамасыз етуге; 6) комитет қызметкерлерінің қатысуымен бір приборды басқасымен ауыстыру кезінде прибордан алынған есептегіштің көрсеткіштерін жаңадан қондырылған

приборға көшіруге; 7) есептеу жүйелері болмаған және (немесе) ақаулы жағдайында құю желісін пайдалануды жүзеге асырмауға; 8) Комитеттің, "ҚазАлкоОрталық" РМК қызметкерлерінің өздеріне жүктелген міндеттерін орындауы үшін жағдай жасауға міндетті. 10-тарау. Ұйымдардың және олардың басшыларының автоматтандырылған алкогольді өнім есебінің тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілігі 32. Осы Нұсқаулықтың ережелерін бұзғаны үшін лицензиаттарға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершіліктер қолданылады. 33. Мыналар алкогольді өнімнің автоматтандырылған есебінің тәртібін бұзу болып табылады: 1) пломбыларды істен шығару және (немесе) бүлдіру; 2) жүйелерді бүлдіру; 3) алкогольді өнімнің автоматтандырылған есебінің нәтижелерін бұрмалау; 4) есеп бойынша қажетті құжаттаманың болмауы; 5) Комитетке есептеу жүйесінің ақаулығы және өнім есебінің нәтижелеріндегі шектіден жоғары айырмашылық фактілері және (немесе) бұл ретте өнімді шығару фактілері туралы уақтылы хабарламау; 6) Комитеттің және "ҚазАлкоОрталық" РМК қызметкерлеріне өздерінің қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде кедергілер келтіру; 7) өнімді қосылмаған, ақаулы және (немесе) пломбыланбаған есептеу жүйесімен шығару. 11-тарау. Комитет қызметкерлерінің алкогольді өнімнің автоматтандырылған есебінің жай-күйіне бақылау жасауды жүзеге асыру кезіндегі құқықтары мен міндеттері 34. Комитет қызметкерлері және комитеттің тапсыруымен - "ҚазАлкоОрталық" РМК қызметкерлері: 1) алкогольді өнім есептеу жүйелерінің ақаусыз болуын, оларды тексеру мерзімдерінің сақталуын бақылауға;

2) алкогольді өнімнің автоматтандырылған есебінің тексерілетін (есепті) кезеңінің нәтижелерін талдауға және талап етілетін деректерді Комитетке беруге;

3) алкогольді өнім есептеу жүйелерінің ақаулығы ведомосын жасай отырып жөндеуге жіберудің қажеттігі туралы қорытынды беруге;

4) ұйымдардың тиісті қызметкерлерінің осы Нұсқаулықты білуін тексеруге;

5) шыққан нұсқамалардың орындалуына бақылау жасауды;

6) алкогольді өнім есептеу жүйелерін пайдалануда және есеп бойынша құжаттама жүргізуде жолсыздықтардың анықталуы кезінде Комитетті хабардар етуге міндетті;

7) есептеу жүйелеріне және оларға қосылатын коммуникацияларға Комитеттің қызметкерлері немесе Комитеттің тапсыруы бойынша "ҚазАлкоОрталық" РМК мамандары пломбы салады. Пломбыларды олардың өздері алады.

35. Комитет қызметкерлерінің, комитет тапсырмасы бойынша - "ҚазАлкоОрталық" РМК мамандарының:

1) Комитеттің нұсқамасы бойынша алкогольді өнімді өндіруші-ұйымның

аумағына оның жұмыс уақыты мезгілінде кедергісіз кіруге;

2) ұйымның басшылары мен басқа да қызметкерлерінен алкогольді өнімнің автоматтандырылған, бастапқы және бухгалтерлік есебі бойынша, есептеу жүйелерінің техникалық және метрологиялық жай-күйі бойынша ауызша және жазбаша түсініктер, анықтамалар, сондай-ақ құжаттаманы талап етуге;

3) алкогольді өнімнің есептеу жүйелерін пайдалануда жолсыздықтар анықталған кезінде оларды жоюға шаралар қолдануға;

4) Комитетке лицензиаттарға осы Нұсқаулықты бұзғаны үшін жауапкершілігі туралы ұсыныстар енгізуге;

5) Есептеу жүйелері болмаған және (немесе) ақау болуы жағдайында ажыратып тастауға, құю желісіне сүргі салуға құқығы бар.

1 - қ о с ы м ш а

Құю желісіндегі алкогольді өнімнің санын бақылауға арналған есептеу жүйелерін монтаждау және пломбылау Есептеу жүйелерін монтаждауды, дайындаушы зауыт немесе дайындаушы зауыт көрсетілген жұмыстарды орындауға уәкілеттік берген ұйым өкілдерінің басшылығымен ұйым өз күшімен жүргізеді. 1. Дайындық және монтаж Есептеу жүйелерін құю желісіне монтаждаудың алдында: 1) тапсырысшының алған приборларының жиынтықтылығын, оның ішінде: - есептеу жүйелерінің құрамын; - прибордың құрамдас бөліктерінде дайындаушы зауыттың пломбыларының болуын; - толық көлемде ілеспе құжаттаманың болуын; - есептеушінің индикаторында нөлдердің жанып тұруын тексеру. 2) көлемді шығын өлшегішті орнатудың мынадай талаптарды қамтамасыз ететін орнын таңдау: - шығын өлшегіш жаңғыртушысының құю автоматына мейлінше жақын орналасуы;

- жаңғыртушының бекіту гайкаларын, аралық фланецтерді және басқа да алмалы құрамаларды ыңғайлы пломбылаудың мүмкіншілігі;

- таблодан көрсеткіштерді ыңғайлы есептеу;

- алғашқы өлшеушінің өлшеу қимасында (ауа көпіршіктері) және магистральды трубада ауаның болмауы;

- алғашқы өңдеушінің өлшеу қимасын толық толтыру;

- вакуумды құю линиясында пайдалану кезінде алғашқы өнімін автомат құюға беру төменгі жағынан іске асырылсын.

3) 220 вольтта электржүйесінің тәулік бойы жұмыс істеуін, есептеудің телефондық модем жүйесіне қосу үшін жеке абонементтердің нөмері болуын және тоқ қысымын бірқалыпты екенін қадағалау керек.

4) Кей жағдайда, алкоголь өнімін өндіруші-ұйымның жеке абонементтік нөмер орнату мүмкін болмаған жағдайда, Комитетпен келісе отырып, түнгі

уақытта телефондық модем линиясын пайдалану үшін қосылатын тумблер
о р н а т у ғ а б о л а д ы .

5) Есептеу жүйелерін электр жүйелерінде болатын кемшіліктерден (жоғарғы, төменгі қысым, түсіп кету, үзілу және аз уақытқа сөніп қалу) қорғау мақсатында үзіліссіз жұмыс істейтін UPS 280 немесе одан күші үлкен, 30 және одан да көп минутқа қорғау функциясы мен жеке қоры бар автономды есептеу жүйесін
п а й д а л а н у ұ с ы н ы л а д ы .

6) есептеу жүйелерін монтаждауды дайындаушы зауыттың нұсқаулығына
с ә й к е с қ а т а ң жү р г і з у қ а ж е т .

2 . П л о м б ы л а у

Пломбылауды Комитет қызметкерлері немесе оның тапсыруы бойынша "ҚазАлкоОрталық" РМК мамандары мынадай жүйелілікте жүргізеді:

1) пломбылаудың алдында есептеу жүйелерін монтажының дұрыстығы пайдалану жөніндегі басшылықтың және осы Нұсқаулықтың талаптарымен
с ә й к е с т і г і т е к с е р і л е д і ;

2) монтаждың дұрыстығына көз жеткізілген соң есептеу жүйелерін және оған қосылатын коммуникацияларды пломбылау жүргізіледі;

3) қарау мен пломбылаудың нәтижелері бойынша Комитеттің төрағасы немесе мамандары қол қоятын акті жасалады.

"ҚазАлкоОрталық" РМК мамандары және бұйым орнатылған ұйымның өкілдері, дайындаушы зауыт (немесе іске қосу-жайластыру жұмыстарын жүргізуге ол уәкілеттік берген ұйым) қол қоятын акт жасалады, онда:

- есептегіш пен құю желісі орнатылған ұйымның атауы;
- есеп приборларының зауыттық нөмірлері;
- ж а с а л ғ а н к ү н і ;
- есептеудің телефондық модем жүйесіне қосу үшін жеке абонементтік N-і
- бедерлерін көтере отырып пломбылау орындары туралы белгі.

Комитетке және "ҚазАлкоОрталық" РМК-ге (оның қатысуы кезінде), ұйымға және іске қосу-жайластыру жұмыстарын жүргізген ұйымға осы акті бір-бір
д а н а д а н б е р і л е д і .

Сонымен бірге, пломбылаудың нәтижелері бойынша, бұдан басқа салынған пломбылардың орны мен бедерінің номері көрсетіліп, салынған пломбылардың тізімдемесі жасалады. Пломбылар ұйым басшысының бұйрығымен тағайындалған жауапты адамдарға сақтауға өткізіледі, бұл туралы тізімдемеде тиісті жазба жасалады. Тізімдеменің бір данасы құю цехында әйнектің астына ілінеді, екіншісі ұйымның бухгалтериясында сақталады.

4) Пломбылайтын тістеуіктер Комитеттің және "ҚазАлкоОрталық" РМК

сейфтерінде сақталады, Комитет төрағасы мен "ҚазАлкоОрталық" РМК бас директорының бұйрығы бойынша беріледі. Журналда еркін түрде тістеуіктерді, бедерлердің номерін алғаны мен қайтарғаны туралы, оларды алу мен қайтару күндері, бұйрықтың берілген күні мен номері көрсетілген жазба жасалады.

5) Пломбылайтын тістеуіктерді арналмаған мақсаты бойынша беруге және пайдалануға _____ тыйым _____ салынады.

2 - қ о с ы м ш а

Құюға түскен алкогольді өнімнің автоматтандырылған есебінің нәтижелерін тіркеу Журналы _____

_____ Ауысым Өнімнің Ыдыстар. Бақылау Бақылау приборының Құйған кездегі (бригада) атауы дың сиым приборы көрсетуі дал/шөлм өнімнің темпера. дылығы ның зау. турасы дм3 ыттық N және құю желілері. нің N _____

_____ Ауысым Ауысымның ның ба. соңында сында _____ 1

. 2. 3. 4. 5. 6. 7. 8. таблицаның жалғасы _____

_____ 1-ші шөлмекті Бақылау Қоймаға Есептеу Есептеу. Жауапты Ескертпе толтырғандағы приборын жіберіл. нәтиже. дің дұр. адамның таза көлемі да есеп. ген өнім сіндегі ыстығын қолы мл телген нің көле айырма. бағалау өнімнің мі, дал/ шылық (дұрыс, көлемі шөлм (б...бб) дұрыс дал/шөлм % емес) _____

_____ 9. 10. 11. 12. 13. 14. 15. _____

_____ (ары қарай беттің аяғына дейін) Ескертпе: 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 бағандарының үстіңгі жағына көлемді шығын өлшегіштің қорытынды мәліметтері, астыңғы жағына есептегіштегі бөлшек жазылады. 3-қосымша Алкогольді өнімді құю цехында бастапқы есептеудің ақиқаттығының есептері мен бағалануының үлгілері Бастапқы (негізгі) есептің мынадай деректері бар. Есептеудің жетондық тәсілінің нәтижесінде дайын өнім цехына ауысымда 1000 дал арақ (Vп) берілген тіркелінді.

Градуирлі резервуарлардың су өлшейтін трубаларының шкалалары бойынша түзетуге болатын, түзетуге болмайтын және шайма судың жарамсыз мынадай мөлшері анықталды және тиісті құжаттармен ресімделді:

$V_{ибр} = 12$ дал $V_{нбр} = 5$ дал $V_{впр} = 8$ дал

Спирттің арақты құю кезіндегі осы кәсіпорында анықталған шығын болуының шекті жол берілетін нормасы құюға келіп түскен оның арақтағы мөлшерінің 0,45% тең түседі (шарап өнімі үшін - бұл норма сол өнімнің өзімен ара-қатынаста). 1) Құю автоматының алдында орнатылған ағындық есептегішпен

өнімнің көлемін өлшеу кезіндегі оның есебінің ақиқаттығын бағалау. Мыналар бар: - ағындық есептегіштің көрсеткіштері бойынша мынадай алынды $V_p = 1034$ дал; - есептегіштің паспорт бойынша шекті ақаулығы V_p көлемінің $\pm 0,5\%$ құрайды. Есеп. (3) Формула бойынша мынаны аламыз: $|\Delta p| = (1000 + 12 + 5 + 8) - 1034 = -9$ дал бр $= (-9) \times 100/1034 = -0,87\%$

минус белгісі бр ауытқуының мәнінің алдында прибордың көрсеткіштерімен салыстыра қарағанда өнімнің жетімсіздігін білдіреді, бірақ есептің ақиқаттығын бағалау үшін бұл белгі принципті мәнге ие емес.

Бұдан әрі прибордың шекті ақаулығының және спиртті араққа құюда жіберілген шығынның шекті нормасының жиынтығын аламыз: $Y_p + N = 0,5\% + 0,45\% = 0,95\%$ 0,95 0,87-ден көп болғандықтан, есептің нәтижелері дұрыс деген тұжырым жасауға болады. 2) Дайын өнімдер қоймасының алдына орнатылған даналап есептейтін есептегішпен өнімнің көлемін өлшеу кезінде оның есебінің ақиқаттығын бағалау. Мыналар бар: - есептегіштің көрсеткіштері бойынша $V_b = 1021$ дал алынды; - есептегіштің паспорт бойынша шекті ақаулығы $+ 0,1\%$ құрайды (әрбір 10 000 ескерілген шөлмектен 10 шөлмек). Есеп. (4) Формула бойынша мынаны аламыз: $|\Delta b| = (1000 + 12 + 5) - 1021 = -4$ дал; $\Delta b = (-4) \times 100/1021 = -0,39\%$ Есептегіштің шекті ақаулығы мен спиртті араққа құю кезінде шығындалуының шекті жол берілетін нормасының жиынтығы мынаған тең: $Y_b + N = 0,1 + 0,45 = 0,55\%$ 0,55 0,39-дан көп болғандықтан, есептің нәтижелері дұрыс деген тұжырым жасалады. Ескертпе: егер шайма су жарамсыз өніммен бір резервуарға төгілетін болса, онда осы әдіс бойынша есептеу кезінде оның көлемі ($V_p + V_{бр} + V_{бр}$) жиынтығынан алынып тасталынады. 4-қосымша Алкогольді өнім өндіру кезінде есептеу жүйелерін тексерудің Актісі _____ қаласы " ____ " _____ 199_ ж. _____

_____ (кәсіпорынның атауы, мекен-жайы) _____
_____ Ұйымның басшысы: _____ (аты-жөні) Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеттің өкілдері: Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Спирт өндірісін спирт өлшеуші аппараттармен және алкогольді өнімдерді шығару жөніндегі технологиялық желілерді өндірістің (сырадан басқа) көлемін есептеу аспаптарымен міндетті түрде жарақтандыру туралы" 1998 жылғы 16 маусымдағы N 544 қаулысын орындау үшін есептеу приборларын орнату және пайдалануға қосу жүргізілді. Зауытта _____ құю желілері пайдаланылады. Кәсіпорынның қуаты (жылына мың дал): спирт _____ арақ _____ ЛАБ _____ шарап _____ Алкогольді өнімді өндірудің құю желілерінде мынадай есептеу приборлары орнатылды. _____

_____ Құю желісі Прибордың Зауыттық Прибордың Пломбының тізімдемесі (саны, нің N

түрі N көрсетуі таңбасы) _____

_____ Есептеудің есептеу жүйелерінен
көрсеткіштерді алу кәсіпорын әкімшілігі өкілінің қатысуымен жүзеге асырылды.

_____ (қызметі, аты-жөні) Тексерудің нәтижелері: _____

Комиссия мүшелерінің қолдары: _____ Пломбылар
тексерілді, жауапты сақтауға қабылданды _____

_____ (қызметі) (тегі) (_____
қолы) Негіздеме: ұйым бойынша бұйрық 199_ж. "___" _____ N _____
б) есептеу жүйелерін монтаждауды дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес
қатаң жүргізу қажет. Мамандар: Багарова Ж.А. Икебаева А.Ж.